

**"Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Жарғылық қорына жарналар"  
бағдарламасы бойынша бюджеттен бөлінген қаражатты пайдалану Ережесі  
туралы**

*Күшін жойған*

Маңғыстау облысы әкімшілігінің 2003 жылғы 25 ақпандағы N 54 қаулысы.  
Маңғыстау облыстық Әділет басқармасында 2002 жылғы 18 қыркүйекте N 1415  
тіркелді. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды  
(Маңғыстау облысы әкімшілігінің 2013 жылғы 02 ақпандағы N 08-18-185 хаты)

**Ескерту. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану  
тоқтатылды (Маңғыстау облысы әкімшілігінің 2013.02.01 N 08-18-185 хаты).**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті  
мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ ҚРЗ Заңына,  
Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорны туралы" 1995  
жылғы 19 маусымдағы Заң күші бар Жарлығына, облыстық мәслихатты " "  
Маңғыстау облысының 2003-2005 жылдарға арналған азық-түлік бағдарламасы  
туралы" 2002 жылғы 20 қарашадағы N№23/238 шешіміне сәйкес және "  
Маңғыстауагросервис" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының "Мемлекеттік  
коммуналдық кәсіпорны жарғылық қорына жарналар" N 64 бағдарламасы  
бойынша облыстық бюджеттен бөлінген қаржыны пайдаланудың тәртібін мен  
шарттарын белгілеу мақсатында облыс әкімшілігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны жарғылық қорына жарналар"  
бағдарламасы бойынша бюджеттен бөлінген қаржыны пайдалану ережесі  
бекітілсін (жалғанады).

2. Осы қаулының орындалысын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары  
С. Керелбаевқа жүктелсін.

*Облыс әкімі*

ж а л ғ а м а

Маңғыстау облысы әкімшілігінің  
25 ақпандағы 2003 жылғы N 54  
қаулысымен бекітілген

**"Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жарғылық  
қорына жарналар" бағдарламасы бойынша бюджеттен**

## **бөлінген қаражатты пайдалану**

### **Ережелері**

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N№148-ІІ ҚРЗ Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы Заң күші бар Жарлығына, облыс әкімшілігінің 2002 жылғы 29 сәуірдегі N№89 "Маңғыстауагросервис" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнын құру туралы" (бұдан былай - МКК) қаулысына және оның Жарғысына сәйкес жасақталынды және "Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның Жарғылық қорына жарналар" 64 бағдарламасы бойынша облыстық бюджеттен бөлінген қаржыны" МКК-ның негізгі және айналым қаражаты ретінде пайдалану тәртібі мен шарттарын белгілейді.

### **1. Қаражаттың пайдалану бағыттары**

Берілген қаражат ауыл шаруашылығы технологиясын, көлігін, өнімді, малдарды, тұқымдық материалды сатып алу, ауылшаруашылығы тауар өндірушілеріне және агроөнеркәсіптік кешенінің басқа да субъектілеріне жалға, кейіннен сатып алумен лизингіге, оларды кейіннен ауыл шаруашылығы өнім өндірушілері мен басқа да агроөнеркәсіптік субъектілері арасында орналастыруға байланысты шығындардың орнын жабуға, кәсіпорынды ұстауға және айналым құралдарын сатып алуға пайдаланады.

Мал, ауыл шаруашылығы техникасы мен тұқымдық материал бағдарлама әкімшісі облыстық ауыл шаруашылық басқармасы белгілеген номенклатура бойынша және белгілеген көлемде сатып алынады.

"Маңғыстауагросервис" МКК-ы сатып алған мал, ауыл шаруашылығы техникасы мен көлігі және тұқымдық материал облыстың аудандар мен қалалар әкімдерінің ұсыныстарын есепке ала отырып, конкурстық негізде іріктелген жобалар бойынша облыстың шаруашылық жүргізуші субъектілеріне беріледі.

### **2. " Маңғыстауагросервис МКК-ны" техниканы, малды және тұқымдық материалдарды беру тәртібі мен шарттары**

Техниканы, көлікті, малды және тұқымдық материалды шаруашылық жүргізуші субъектілерге беру кәсіпорынның сыйақы мөлшерлемесі (мүддесі) Қазақстан Республикасы ұлттық Банкінің үстемелі қаржыландыру мөлшерлемесінен жоғары емес мөлшерінде қаралған келісім-шарттар негізінде

мынадай пайдалану шарттарымен іске асады:

1. ауыл шаруашылығы техникасы мен көлігі бойынша:

1) ауыл шаруашылығы техникасы мен көлігі аудандар әкімдерінің келісімі бойынша кәсіпорын айқындап белгіленген шарттар негізінде ауыл шаруашылық тауар өндірушілері мен шаруашылық жүргізуші субъектілерге жалға және қаржылық лизингі негізінде беру үшін сатып алынды;

2) ауыл шаруашылығы техникасы мен көлігі, кәсіпорын айқындап белгілеген сыйақыны есепке ала отырып, құны толық өтелгенге дейін (жеткізу және рәсімдеу жөніндегі шығындарды, міндетті салық және басқа төлемдерді қоса алғанда) кәсіпорын балансында тұрады, одан кейін лизинг алушыны", серіктестіктің меншігіне көшеді,

3) техниканың өтелімділік мерзімі 7 (жеті) жылға дейін белгіленеді. Техника сатып алуға салған қаражатты жалға алушы, лизинг алушы толымсыз қайтарған жағдайда, кәсіпорын бағдарлама әкімшісінің шешімімен техниканы (салынған техниканы) өз қалауы бойынша және өзінің бағасымен құны (айыппұлды, өсім және басқа төлемдерді қоса алғанда) толық өтелуі үшін сатып өткізеді;

4) техника құнын қайтарудың тәртібі және мерзімі, сыйақысы мөлшері, жақтардың жауапкершілігі кәсіпорын мен жалға алушы, лизинг алушы, серіктестік арасында жасақталған бөлек шартпен реттеледі.

2. Ө н і м д і м а л б о й ы н ш а :

1) жұмыспен қамтылған ауыл тұрғындарын тауар өндіруге тарту мақсатында, сондай-ақ облыста мал басының санын көбейту үшін, кәсіпорын "Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның жарғылық қорына жарналар" 64-бағдарламасы бойынша қаражатты пайдалану жөніндегі Бағдарламамен көзделген сома шегінде коммуналдық меншікке өнімді ауыл шаруашылығы малын шаруашылық жүргізуші субъектіге кейіннен сатып беру жағдайында жалға беру үшін сатып алады, бұл ретте әр шаруашылық жүргізуші субъектіге мал берудің шегі қой және ешкі бойынша 100 басқа, мүйізді ірі қара бойынша 15 басқа дейін б е л г і л е н е д і ;

2) шаруашылық жүргізуші субъектілерді" сұраныстары негізінде конкурстық негізде іріктелген жеңімпаздарға, кейіннен сатып беру шартымен жалға ( жынысын және жасын есептей отырып) қой 4 (төрт) жылға, мүйізді ірі қара және жылқы 5 (бес) жылға, түйе 6 (алты) жылға дейінгі мерзімге берілетін болады;

3) жалға алынған мал басын өтеуді (малды сатып алуға кәсіпорынның барлық шығындарының ақшалай өтемақысын) шаруашылық жүргізуші субъект қой басы бойынша екінші жылдан, малдың басқа түрлері бойынша үшінші жылдан бастайды және жалға алған мерзім бітісімен толық аяқтайды. Жалға берілген мерзімдегі малдан алынған өнім: төл, сүт, шұбат, жүн, қой терісі шаруашылық жүргізуші субъектінің меншігінде қалады;

4) малдың жалға алған мерзімдегі оны ұстау, жемдеу және күту үшін шығындарды шаруашылық жүргізуші субъекті өз мойнына алады;

5) малдың құнын қайтару тәртібі, мерзімі, сыйақы мөлшерлемесі жақтардың жауапкершілігі кәсіпорын мен шаруашылық жүргізуші субъекті арасындағы жасақталған бөлек шартпен реттеледі.

### 3. тұқымдық материал бойынша:

1) тұқымдық материал шаруашылық жүргізуші субъектілерге өз сұраныстары бойынша келісім-шартта қайтарылу мерзімі көрсетіле отырып беріледі;

2) жақтардың келісімдері бойынша кәсіпорын тұқымның сатылған әрбір килограммы үшін сыйақы мөлшерлемесін (мүддесін) белгілейді;

Шаруашылық жүргізуші субъект келісім шарт талаптарын тиісті дәрежеде орындаған және сатылған қаражатты мерзімінде қайтаруды қамтамасыз еткен жағдайда кәсіпорын бағдарлама әкімшісінің келісімімен осы Ережеде анықталған шарттар негізінде жалға беру келісім шартын жаңа мерзімге жасай алады.

### **3. Шаруашылық жүргізуші субъектілер жобаларын іріктеу жұмысын ұйымдастыру**

Шаруашылық жүргізуші субъектілер жобаларын іріктеу функциялары кәсіпорынға жүктеледі, ол әрбір жоба бойынша ұсыныстар дайындайды және оны комиссияның бекітуіне ұсынады.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер іріктеуде мынадай талаптар ескеріледі:

1) қолайлы несиелік құжаттаманың болуы;

2) жобаның кәсіпорын бөлген бюджеттік қаражатты пайдалану Бағдарламасының басымдық бағыттарына сәйкес болуы;

3) жобаның сатып алынатын ауыл шаруашылығы техникасы мен көлігіне және өнімді мал түрлеріне қойылатын шарттарға сәйкес болуы;

4) ұсынылған жобалар бойынша аудандар мен қалалар әкімдерінің кепілдеме х а т т а р ы н ы ң б о л у ы .

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің жобаларын алдын-ала іріктеу кезеңінде кәсіпорын оларды экономикалық, ұйымдастырушылық, маркетингтік және қаржылық тұрғыдан сараптайды. Жобаларға талдау, және шаруашылық жүргізуші субъектінің қызметіне аудиторлық тексеру қорытындысы бойынша белгілі бір сыйақы мөлшерлемесі тағайындалады.

Кәсіпорын шаруашылық жүргізуші субъектілерге берілген ауыл шаруашылығы техникасының жай-күйі мен мақсатты пайдалануына мезгіл-мезгіл тексеру өткізеді, сондай-ақ малдың қозғалысы мен бас санын есепке алуды жүргізеді.

#### 4. Қорытынды ережелер

1) Жалға беру жөніндегі келісім шарттарында жақтардың келісімімен мерзімінен бұрын қайтару құқығы қаралуы мүмкін.

2) Шаруашылық жүргізуші субъект келісім-шарт талаптарын бұзған жағдайда , кәсіпорынның шартты мерзімінен бұрын бұзуға және іс жүзінде ұсынылған ауыл шаруашылығы техникасы мен көлігін, малды, тұқымдық материалды есептелген сыйақысы мөлшерлемесімен (мүддесімен), айыппұлымен және өсімімен қайтарып алуға құқығы бар.

3) Шаруашылық жүргізуші субъект ауыл шаруашылығы техникасымен көлігінің жалға берген өнімді малдың, тұқымдық материалдың, сондай-ақ келісім-шартта көрсетілген сыйақы мөлшерлемесінің (мүддесінің) құнын шартпен анықталған мерзімде өтемеген жағдайда, оған берешекті қайтаруды қамтамасыз ететін мынадай шаралар қолданылады:

қолданыстағы заңнамаға сәйкес кепіл туралы шарт негізінде шаруашылық жүргізуші субъектінің (қарыз алушының) кепіл мүлігін сатып өткізу;

шаруашылық жүргізуші субъектінің Қазақстан Республикасының 2 қаңтар 1997 жылғы №67-1 "Банкроттық туралы" Заңына сәйкес сот банкрот деп жариялағанға дейін, сот тәртібімен өндіріп алуды жүзеге асыру.